

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Қарттар мен мүгедектерге арналған әлеуметтік мекеменің қызметін талдау: мақсаты, міндеттері, бағыты мен қызметі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.11.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/145739/>

Қоғамдағы адамдардың сан қилы тағдыры, оқыс жағдайға душар болған жандардың өмірі қаламымыздан қашқан емес. Қанша адам болса, сонша проблема болады. Алайда ең басты қиындық — жалғыздық. Әсіресе қарияларымыз қартайған шағында туған-туысы болмай немесе түрлі себептермен оңаша тұруға мәжбүр болып жатады. Жас кезінде білінбегенімен, егде тартқан шақта жүріп-тұруының өзі мұң болып, өзге адамның көмегіне жүгінетіндер баршылық.

Оларға үкімет тарапынан арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Әлеуметтік қызмет — мемлекеттік міндеттердің ең маңыздысын жүзеге асырады, оның қызметкерлерінің мойнына қиын жағдайға тап болған азаматтарға қамқорлық жасау жүктеледі. Міне, осындай көмекке мұқтаж жандармен тікелей байланыс жасайтын әлеуметтік қызметкерлердің жұмысы қиын да күрделі.

Қарттар мен мүгедектерге арналған мемлекеттік интернат-бұл мемлекеттік бюджет есебінен қамқорлыққа мұқтаж және қамқоршылары немесе туыстары жоқ қарттардың тұруы мен тамақтануын ұйымдастыратын мекеме. Мұнда қарттар үшін бір немесе

бірнеше адамға арналған бөлмелер, мейірбикелік күтім мен күтім, тамақтану ұйымдастырылған.

Жалпы, мемлекеттік қарттар үйі жеке пансионаттан ерекшеленбейді, бірақ қызметтердің саны өте шектеулі және «іріктеудің» қатаң критерийлері бар. Бұл арнайы интернатқа мұқтаж барлық қарт адамдар кіре алмайды, өйткені мұндай мекемелердегі орындардың саны қатаң шектеулі. Кейде тұруға кезек бірнеше жылға созылуы мүмкін және мемлекеттік қарттар үйіне қалай кіруге болады деген сұрақ отбасы үшін ұзақ уақыт бойы өзекті болады.

Егде жастағы адам келесі типтегі мекемелерде тұруға құқылы:

Әлеуметтік үй (мүгедектігі жоқ, бірақ күтімді қажет ететін азаматтарға арналған Қарттар үйі);

Мүгедектерге арналған интернат-үйі;

Осындай аурулары бар қарттарға арналған нейропсихиатриялық интернаттар.

Министрлік хабарлағандай, бүгінгі таңда 45 мыңнан астам қарт АӘҚ-мен (арнаулы әлеуметтік қызмет) қамтылған. Қарттарға арналған қызметтер қатарында 45 стационарлық үлгідегі ұйымда (медициналық-әлеуметтік мекемелер) және 43 жартылай стационарда (күндіз болу бөлімшелері және оңалту орталықтары) ем алу жатады.

Сондай-ақ, еліміз бойынша 357 әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 136 үкіметтік емес ұйым қазақстандық ата-әжелерді өз қамқорлығына алған.

Әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері 8 қызмет түрін ұсынады. Атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық және әлеуметтік-медициналық қызмет түрі бар. Әлеуметтік қызметкерлер аптасына кемінде 2 рет көмек алатын қарттардың үйіне барып тұрады. Мамандар егде жастағы азаматтардың жағдайын біліп, оларға қол ұшын созады. Сонымен қатар Үкімет тарапынан көрсетілетін көмектерді ұсынып, қызмет көрсетеді

Стационарлық үлгідегі ұйымдар:

1) психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекеме (ұйым);

2) психоневрологиялық ауруы бар мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекеме (ұйым);

3) қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекеме (ұйым);

4) тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекеме (ұйым);

5) тәулік бойы тұру жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған өзге ұйымдар түрінде құрылады.

Мүгедек қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету тұрақты, сондай-ақ уақытша негізде де жүзеге асырылады: әлеуметтік қызмет көрсету мекемесінің күндізгі бөлімшесінде жартылай стационарлық әлеуметтік қызмет көрсету; әлеуметтік қызмет көрсетудің стационарлық мекемелерінде (интернат-үйлерде, пансионаттарда және олардың атауына қарамастан, басқа да әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінде) стационарлық әлеуметтік қызмет көрсету; мерзімді медициналық қызмет көрсету; (әлеуметтік-медициналық қызмет көрсетуді қосқанда) үйдегі әлеуметтік қызмет көрсету .

Мүгедектерге көрсетілетін үйдегі әлеуметтік қызмет көрсетулердің қатарына: үйге тағамдарды жеткізуді қосқанда, тамақтандыруды ұйымдастыру; дәрі-дәрмектерді, бірінші кезектегі қажетті азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын сатып алу; медициналық көмек алуға жәрдемдесу, соның ішінде медициналық мекемелерге ілесіп апару; гигиеналық талаптарға сай тұратын жеріне жағдай жасау; заңгерлік көмекті және өзге де құқықтық қызмет көрсетулерге жәрдемдесу; әдет-ғұрыптық қызмет көрсетулерді ұйымдастыруға жәрдемдесу; басқа да үйдегі әлеуметтік қызмет көрсетулер жатады.

4 курс әлеуметтік жұмыс мамандығының студенті: Абылкасымова Аяулым Саятовна  
Жетекшісі: Авсыдыкова Құралай Әділжанқызы